

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 2 қазандағы № 434 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 қазанда № 37056 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтыру енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін Тізбесінің 4-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Бұйрыққа қосымша

Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларын туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10242 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қауіпті өндірістік объектінің лауазымды тұлғасы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жүзеге асыратын өнеркәсіптік қауіпсіздік мониторингі жолымен қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қорғалуының жағдайын бағалау мақсатында жүргізіледі";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейі бойынша ақпаратты қауіпті өндірістік объектінің пайдаланатын ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне есептік жылдан кейінгі 15 қаңтардан кешіктірмей ұсынады.".

2. "Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 301

бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10225 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

115-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"115. Радиациялық авария орын алған жағдайда, ұйым әкімшілігі тез арада өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқаруды, бақылауды жүргізетін басқа да мемлекеттік органдарға ақпарат береді."

3. "Жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10244 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

30-тармақта:

төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Емтихандарды қабылдау хаттамасының бір данасы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне беріледі, бұл ұйымның Бірыңғай кітапшаны ресімдеуі және оны тіркеуі үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай кітапшаға біліктілік комиссиясының төрағасы және оқу ұйымы кәсіпорнының өкілі қол қояды. Олардың қолы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекітіледі.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай кітап, егер ол өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі берген Нұсқама және (немесе) ұйым басшысының бұйрығы негізінде жазатайым оқиғаға, ЖМ жоғалуына немесе аварияға әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін ЖМ сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың немесе есепке алудың белгіленген тәртібін бұзуға жол берген болса, бұзушылыққа жол берген адамнан алынады,";

тоғызыншы және оныншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Алынған Бірыңғай кітапшалар ұйым басшысының бұйрығымен бірге бұйрыққа қол қойылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жою үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ресми хатпен жолданады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Бірыңғай кітапшаны алып қою туралы хабарлама алғаннан кейін бір тәулік ішінде ұйым басшысының бірыңғай кітапшаны алып қою туралы бұйрығын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының қалған аумақтық бөлімшелеріне жолдайды.";

он үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай кітапшаларды жоюды актіні ресімдей отырып (еркін нысанда) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің комиссиясы жүргізеді.";

48-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиеу-түсіру алаңын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өкілдерінің қатысуымен ұйымның комиссиясы пайдалануға қабылдайды.";

85-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ЖМ сақтау орындарын (жарылыс жұмыстарын жүргізу орындарының жанында орналастырылатын ЖМ жылжымалы қоймаларынан, жәшіктерінен және ауысымдық сақтау сейфтерінен басқа) сақтау орнының осы Қағидалардың белгіленген талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі комиссия және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының иесі ұйымның және аумақтық бөлімшесінің өкілдері кіретін жобалау құжаттамасы пайдалануға қабылдайды. Қабылдау актімен ресімделеді."

95-тармақта:

1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ЖМ кірісі мен шығысын есепке алу журналының қағаз нұсқасы нөмірленеді, тігіледі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мөрімен немесе пломбасымен бекітіледі.";

2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қағаз нұсқасы ЖМ беру мен қайтаруды есепке алу журналы нөмірленеді, тігіледі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мөрімен немесе пломбасымен бекітіледі.";

105-тармақ алып тасталсын;

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. ЖМ жою технологиялық регламентке сәйкес ұйымның техникалық басшысының жазбаша өкімі бойынша жару, өртеу немесе суда еріту түрінде жүргізіледі.

Ұйым әрбір жойылатын ЖМ жоспарлаған күні мен ЖМ жоятын орны туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жазбаша (еркін нысанда) хабарлайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі осы ЖМ жою туралы хабарламаны алғаннан кейін екі сағат ішінде аумақтық ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органына хабарлайды.

Ұйым ЖМ толық жойылғанын қамтамасыз ету үшін:

- 1) тиісті операцияларды орындайтын персоналды;
- 2) осы жұмыстардың жетекшісін;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін;
- 4) аумақтық ішкі істер органдарын;
- 5) аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарын тартумен құрамы 5 (бестен кем емес) адамнан тұратын комиссия құрылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі, аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары бір тәулік ішінде ЖМ жою туралы хабарламаны алғаннан кейін ЖМ толық жойылуына бақылауды қамтамасыз ету үшін комиссия құрамына қатысатын тұлғалар туралы ұйымның басшысына хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың бірі кандидатураларды бермеген немесе нақты болмаған жағдайда комиссия жұмысқа кіріседі.

ЖМ жойылғаннан кейін комиссия ЖЗ өнімдерінің толық жойылғанына көз жеткізеді.

Әрбір жойылған ЖМ саны және жойылған ЖМ атауы, себебі және жою тәсілі көрсетілген акт (еркін нысанда) жасалады. Акт екі данада жасалады, актінің бір данасы ЖМ қоймасында сақталады, екіншісі ұйымның бухгалтериясына жолданады.";

184-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдарды өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалана отырып, жарылыс жұмыстарын жүргізу өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі берген жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсаттың негізінде жүргізіледі. Берілген рұқсаттың шарттарын өзгертуге жол берілмейді. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10273 болып тіркелген) бекітілген жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларында айқындалады.";

501-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"501. Ұңғыма ішінде қалдырылған геофизикалық құралдар мен аппараттарға, барлық болған аварияларға акт жасалады. Авария жағдайының туындағанын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметіне,

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, ал қауіпті өндірістік факторлар туындаған кезде төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа хабарлайды.";

700-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ЖЗ жоғалуы ретінде сақтау, тасымалдау, қолдану немесе есептеу тәртібінің бұзылуы салдарынан ЖЗ ұрлану, лақтыру және жоғалу (оның ішінде сапасын жоғалту) жағдайлары, сондай ақ ЖМ жетіспеушілігін немесе артық мөлшерін анықтау жағдайлары жатады.";

701-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"701. Ұйымдарда ЖМ жоғалтудың барлық жағдайлары туралы басшыны хабардар етудің кезектілігі айқындалады.

Ұйымның басшысы ЖМ жоғалту фактісі туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне дереу хабарлайды .

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі хабарламаны алғаннан кейін ЖМ жоғалту фактісі туралы екі сағат ішінде аумақтық ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлайды.

Ұйым басшысы ЖМ жоғалу фактісіне байланысты өндірістік жағдайдың, құжаттардың және мән-жайлардың сақталуын қамтамасыз етеді, комиссия келгенге дейін ЖМ одан әрі ықтимал жоғалуының алдын алуға, адамдарды құтқаруға немесе авариялық жағдайды жоюға байланысты барлық жұмыстарды оқиға орнында тоқтатады , жоғалған ЖМ іздестіруге және қайтаруға шаралар қолданады.";

мынадай мазмұндағы 701-1-тармақпен толықтырылсын:

"701-1. ЖМ жоғалтудың мән-жайлары мен себептерін анықтау үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшесі өкілдерін тарта отырып:

- 1) жергілікті атқарушы органның;
- 2) қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі;
- 4) аумақтық ішкі істер органдары;
- 5) ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдары құрамында кемінде 5 (бес) адам бар,

оның өкілі бастаған комиссия құрады.

Кандидатураны ұсынбау немесе жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың бірінің өкілі іс жүзінде болмаған жағдайларда комиссияның жұмысын бастауға кедергі болмайды. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша ЖМ жоғалтудың мән жайлары мен себептерін анықтау туралы акт жасалады.";

702-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"702. ЖМ жоғалуын техникалық тергеп-тексеру "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-тарауында белгіленген аварияларды тергеп-тексеру тәртібіне ұқсас жүзеге асырылады.";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 347 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10252 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидалар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтіне қолданылады.";

5-тармағында:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі – қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу арқылы тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуге арналған авариялық-құтқару қызметі;"

4) тармақшасы алып тасталсын;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылғаны, оның ішінде тау-кен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өртке қарсы қорғаныстың, АЖЖ қызмет көрсетілетін қауіпті өндірістік объектілердің іс жүзіндегі жағдайынан айырмашылық анықталған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі жедел бөлімшесінің басшысы қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымның басшылығына анықталған кемшіліктерді үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жою қажеттігі туралы жазбаша түрде хабарлайды. Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі бөлімшесінің басшысы бұл туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне хабар береді.".

5. "Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылы 30 желтоқсандағы № 351 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10255 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

10-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ӨҚК АҚҚ жасақ командирі өз қолын алғаны туралы жазбаша түрде шахтаның (техникалық) басшысын, ұйымның техникалық басшысын және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне хабар береді.";

122-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оқшауланған қазбалар туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілетті орган ведомствосының аймақтық бөлімшесіне хабарланады.";

139-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзінің бұрыстығына немесе электр энергиясын берудің тоқтатылуымен желдеткіш қондырғысын кенеттен тоқтап қалуы туралы жедел кен диспетчеріне хабарланады, ол шахтаның техникалық басшысына, шахтаның ЖҚТ учаскесі бастығына, шахтаға қызмет көрсететін ӨҚК АҚҚ бөлімшесі, және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аймақтық бөлімшесіне хабарланады.";

150-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Авариялық газдануды тексеруді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өкілінің қатысуымен комиссия жүргізеді. Газдануды тергеп-тексеру кезінде әзірленген іс-шараларды орындау міндетті.";

158-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"158. Кен қазбасының қыртысын метанның жарып шығуы немесе суфлярлы бөліну туралы шахтаның техникалық жетекшісі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілетті орган ведомствосының аймақтық бөліміне хабарлайды. Көрсетілген барлық жағдайлар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Метанды өлшеу және газдануларды есепке алу журналына тіркеледі.";

515-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жылжымалы электр қабылдағыштары үшін 1200 Вольттен артық емес. Жекелеген жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аймақтық бөлімшесімен келісе отырып 3300, 6000 немесе 10000 Вольт кернеуді қолдануға жол беріледі;" .

6. "Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10247 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

676-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"676. Шахтаның бастығы әрбір тау соққысы және микросоққы оқиғасы туралы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөліміне дереу хабар береді.";

685-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"685. Жылдық қорытынды бойынша, шахтада тау соққысы бойынша зерттеу жүргізетін мекеме өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне тау-тектоникалық соққылардың, тау соққыларының және микросоққылардың шолу (аналитикалық) мәліметін береді.".

7. "Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сәйкестендіру нәтижелері бойынша ұйым он бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ақпарат ұсынады.".

8. "Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10250 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

26-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының, медициналық қызметінің және АҚҚ телефон нөмірлері көрсетілген хабарландыру схемасы;"

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Ұңғыманы бұрғылау бұрғылау қондырғысын монтаждау аяқталғаннан соң және кәсіпорын бойынша бұйрықпен тағайындалған комиссияның қабылдауынан кейін басталады. Комиссия жұмыстарына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілі қатысады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне

комиссия жұмысының күні туралы хабарлама комиссия жұмысының басталуына дейін күнтізбелік 5 күн бұрын жолданады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшенің өкілі қатыспаған жағдайда комиссия оның қатысуынсыз бұрғылау қондырғысын қабылдауды жүзеге асырады."

9. "Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10303 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 94-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.";

238-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"238. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде және жергілікті атқарушы органда есепте тұрған ыдыстар тұрғын, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттарда, оларға жапсарлас үй-жайларда орнатылмайды.";

265-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"265. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде және жергілікті аумақтық органдарында тіркеуге жатқызылмайтын ыдыстарды, цистерналарды, бөшкелерді және баллондарды техникалық куәландыру ыдыстардың техникалық жағдайы және пайдалануды қадағалау бойынша жауапты тұлғаларымен, ал толтыру станцияларында, жөндеу-сынау пунктерінде – бұл мақсаттар үшін инженерлі-техникалық қызметкерлермен жүргізіледі.";

266-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"266. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын ыдыстарды, цистерналар мен баллондарды техникалық куәландыруды ыдыстардың техникалық жай-күйін және пайдаланылуын қадағалау бойынша жауапты адам ұйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы

мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым жүргізеді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік инспекторының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы) қатысуымен Жергілікті атқарушы органда есепке қойылуға тиіс.";

267-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"267. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде қауіпті өндірістік объектілерінде пайдаланылатын ыдыстарды техникалық куәландыру оларды есепке қойғанға дейін жүргізіледі, ал әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерінде қолданылатын ыдыстарды техникалық куәландыру оларды жергілікті атқару органдарында есепке қойғанға дейін жүргізіледі."

348-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"348. Баллондарды куәландыру толтыру станциялары және сынақ орындарының:

- 1) куәландыруды сапалы жүргізуді қамтамасыз ететін өндірістік жайлары, сондай-ақ техникалық құралдары;
- 2) сәйкесінше дайындыққа ие мамандардың қатарынан куәландырудың жүргізілуін бақылайтын тұлғаларды тағайындау туралы ұйымдағы бұйрығы;
- 3) баллондарды техникалық куәландыруды жүргізу бойынша технологиялық регламенті болған кезде жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде мекемеге берілген тиісті қарып белгісі тіркеледі.";

883-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"883. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне жатпайтын қазандар, $(t - 100) V < 5$, мұнда t – жұмыс қысымы кезіндегі қаныққан бутемпературасы, $^{\circ}\text{C}$; V – қазандағы су көлемі, м^3 есепке қоюға жатқызылмайды.";

893-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"893. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын қазандықты техникалық куәландыруды қазандықтардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адам ұйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым, ал жергілікті атқарушы органда есепке қоюға жататын қазандықты жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік

қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен жүргізеді.";

1303-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1303. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде және жергілікті атқарушы органда есепте тұрған құбыржолдар мынадай мерзімдерде:

1) ішкі бақылау және гидравликалық сынақ қайтадан жөнделген құбыр өткізгішті жіберу алдында;

2) сыртқы бақылау үшжылда бір реттен кем емес;

3) сыртқы бақылау және гидравликалық сынақ жөндеуден кейін дәнекерлеумен байланысты және құбыр өткізгішті жұмысқа қосу кезінде ол екі жылдан көп тоқтатылып тұрса. аттестатталған ұйымның техникалық куәландыруына жатады.";

1303-1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1303-1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын құбыржолды техникалық куәландыруды құбыржолдардың ақаусыз жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адам ұйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым, ал жергілікті атқарушы органда есепке қоюға жататын құбыржолды, жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен жүргізеді.".

10. "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ету қағидаларында:

63 және 64-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жатпайтын жүк көтергіш крандарды, алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларын жүк көтергіш кранды пайдаланатын заңды, жеке тұлға немесе ұйым ішкі есепке қояды.

Оларға есептік нөмір беріледі және сол нөмірмен тіркелмейтін жүк көтергіш механизмдерді және алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларын есепке алу журналына жазылады.

64. Жаңадан орнатылған лифт немесе қайта қалпына келтірілгеннен (жаңғыртылғаннан) кейін лифт пайдалануға енгізілгенге дейін өнеркәсіптік қауіпсіздік

саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қойылады (тіркеледі).

Шағын жүк көтеретін лифт ішкі есепке қойылады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Осы Қағидалардың 1-тарауының 2-тармағының 3) тармақшасында аталған барлық көтергіштер пайдалануға беру алдында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қойылады (тіркеледі).";

82-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүк көтергіш крандарды куәландыруды жүргізеді және паспортта осы Қағидаларда қарастырылған жағдайларда оларды пайдалдануға рұқсат беретін жазбаны ресімдейді, егер бұл функциялар басқа жауапты тұлғаларға жүктелмесе, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жатпайтын жүк көтергіш крандардың, алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларының есебін және техникалық куәландыруды жүргізеді";

83-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүк көтергіш кранды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қою туралы мәлімет немесе паспорт болмағанда";

129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"129. Лифтінің иесі ауысуы кезінде жаңа иесіне лифтінің паспорты беріледі.

Жаңа иесі паспортқа тиісті өзгерістер енгізеді және лифтіні өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қояды.";

134-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көтергіштердің қауіпсіз пайдаланылу мүмкіндігін растайтын көтергіштерді техникалық куәландыру және тексеру жүргізілуін; өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде тіркеуге жатпайтын көтергіштерді ішкі есепке қойылуын";

136-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"136. Көтергішті ақаусыз қалыпта ұстау үшін көтергішті ақаусыз қалыпта техникалық күтіп ұстауға жауапты тұлға тағайындалады. Инженерлік-техникалық қызметкерге осы Қағидалар мен технологиялық регламенттердің талаптарын білуге емтихандарды сәтті тапсырғаннан кейін тиісті куәлік беріледі.

Көтергішті ақаусыз қалыпта техникалық күтіп ұстау үшін жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық нөмірі мен күні, оның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) мен қолы көтергіштің паспортында көрсетіледі.

Бұл мәліметтер көтергіштің паспортына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қойғанға (тіркеуге) дейін және әрдайым жаңа жауапты тұлға тағайындалғаннан кейін енгізіледі.

Жауапты тұлға болмаған кезеңде (іссапар, науқастануы және т.б.) оның міндеті бұйрықпен (өкіммен) лауазымы бойынша оны алмастыратын басқа маманға жүктеледі."

382-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"382. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын жүк көтергіш кран паспортында кранды іске қосуға рұқсат беретін жазба мынадай жағдайларда ресімделеді.";

383-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кран иесі жүк көтергіш кранның алдағы уақытта іске қосылуы туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хатпен (еркін нысанда) хабарлайды.";

385 және 386-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"385. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жатпайтын жүк көтергіш крандарды іске қосуға рұқсат беретін паспорттағы жазбаны дайындаушы-кәсіпорын құжаттамасы және техникалық куәландыру нәтижелері негізінде жүк көтергіш крандарды қауіпсіз пайдалануды қадағалайтын инженерлік-техникалық жұмыскер ресімдейді. Алмалы-салмалы жүк қармау құрылғыларын және ыдыстарды пайдалануға берілген рұқсатты оларды есепке алу және тексеру журналына рұқсат берген тұлға жазады.

386. Жүк көтергіш крандар мен алмалы-салмалы жүк қармауыш құрылғылары іске қосылғанға дейін толық техникалық куәландырудан өтеді.

Жүк көтергіш кранды пайдалануға беру кезінде техникалық куәландыру өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

Кран иесі жүк көтергіш кранның алдағы техникалық куәландыру уақыты туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хатпен (еркін нысанда) хабарлайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жатпайтын жүк көтергіш крандарды толық техникалық куәландыру оларды есепке алғанға дейін өткізіледі.";

866-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қолданыстағы ғимаратқа лифті орнату, жаңа техникалық шешімдерді қабылдау аттестатталған ұйымның сараптамалық шешімі негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің рұқсаты бойынша іске асырылады.";

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

11. "Қызмет ету мерзімі өткен, мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау

мақсатында техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 12 шілдедегі № 335 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23515 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызмет ету мерзімі өткен мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

5-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

28-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының типін, дайындаушыны, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қою туралы ақпараттың болуын, дайындалған, тіркелген және пайдалануға берілген күнін анықтауға;"

12. "Жоғары тұтқырлы, күкіртті мұнайды өндіруге арналған жабдықты қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 343 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23632 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары тұтқырлы, күкіртті мұнайды өндіруге арналған жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықта:

15-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының, газдан құтқару және басқа да авариялық қызметтердің, өрт күзетінің, медициналық көмек көрсету пункттерінің телефон нөмірлері көрсетілген құлақтандыру схемасы;"

13. "Қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2021 жылғы 16 шілдедегі № 349 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23684 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аварияларды жою жоспарында:

1) жедел бөлім;

2) аварияларды жоюға қатысатын жұмыскерлер арасында міндеттерді бөлу, іс-қимылдардың дәйектілігі;

3) авария болған жағдайда құлақтандырылатын және оны жоюға қатысатын лауазымды адамдар мен мекемелердің тізімі қамтылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жоспардың тиімділігін тексеру мақсатында әрбір объектіде жылына кемінде бір рет объектіге қызмет көрсететін авариялық-құтқару қызметі бөлімшесін шақыра отырып, оқу дабылы жүргізіледі.

Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым оқу дабылдарын өткізу туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне олар өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлайды.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Оқу дабылын қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның техникалық басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің өкілдерімен бірлесіп жүргізеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Жүргізілген оқу дабылы туралы Акт ұйым басшысына, тексерілетін авариялық-құтқару қызметі бөлімшесінің командиріне тапсырылады және оған бағалауды көрсете отырып және жүргізілген оқу дабылы бойынша ұсыныстар енгізе отырып, оқу дабылын жүргізуге қатысқан уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілі қол қояды.";

көрсетілген Нұсқаулыққа 1-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

14. "Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғаларға тергеп-тексеруді және есепке алуды, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларына техникалық тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 404 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24052 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғаларға тергеп-тексеруді және есепке алуды, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларына техникалық тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың жоғалу жағдайларын техникалық тергеп-тексеру өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 86767 болып тіркелген) және осы Қағидалармен бекітілген жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 15-тарауының 4-бөлімінде белгіленген аварияларды тергеп-тексеру тәртібіне ұқсас жүргізіледі.";

15 және 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Авария техникалық құрылғылардың конструкциялық кемшіліктерінен туындаған жағдайда, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым дайындаушыға – рекламацияны, ал оның көшірмесін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жолдайды.

16. Аварияның немесе оқыс оқиғаның салдарын жою және осындай аварияның немесе оқыс оқиғаның алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым аварияны тергеп-тексеру актісін және өзге де материалдарды Комиссияның шешімі бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшесіне, сондай-ақ заңды негіздер болған кезде құқық қорғау және мүдделі мемлекеттік органдарға жолдайды.".

15. "Бу және ыстық су құбыржолдарына зерттеп-қарауды және техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 442 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24393 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бу және ыстық су құбыржолдарына зерттеп-қарауды және техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жаңадан орнатылған құбыржолдарға техникалық куәландыру оларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінде есепке қойғанға дейін және барлық дәнекерлеу жұмыстары, термиялық өңдеу және Қағидаларда көзделген бақылаудың барлық түрлері аяқталғаннан кейін, сондай-ақ тіреулер мен ілгіштер орнатылғаннан және түпкілікті бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.".

16. "Жолаушылар аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің

2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 476 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24565 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушылар аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларында:

113-тармақтың 3) тармақшасындағы бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің немесе аспалы арқан жолы әлеуметтік инфрақұрылым объектісінде орналасқан жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның өкілі.";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Жолаушылар аспалы арқан жолы пайдалануға берілгеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес бекітілген қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес жолаушылар аспалы арқан жолын есепке қоюды жүзеге асырады."

17. "Мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 477 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24567 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары"

;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 102) тармақшасына сәйкес әзірленді және

мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді (бұдан әрі – көтергіш платформалар) қауіпсіз пайдалану тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көтергіш платформаларды монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеу жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдар орындайды.";

11-тармақтың 3) тармақшасындағы бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің немесе көтергіш платформа әлеуметтік инфрақұрылым объектісінде орналасқан жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның өкілі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көтергіш платформа пайдалануға берілгеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес көтергіш платформаны есепке қоюды жүзеге асырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Көтергіш платформаны пайдаланатын ұйым қызмет көрсетуді, техникалық куәландыруды және жөндеуді ұйымдастыру жолымен оның жұмысқа қабілетті жағдайда болуын және қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етеді.

Техникалық куәландыруды Заңның 72-бабында көзделген мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді техникалық куәландырудан өткізу құқығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестат болған кезде көтергіш платформаның иесі жүргізеді.

Заңның 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді техникалық куәландыруды жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдардың шарт негізінде көтергіш платформаны техникалық куәландыруды жүргізуіне жол беріледі.

Көтергіш платформаны пайдалану немесе оны техникалық куәландыру процесінде қолданылатын бақылау және диагностикалау әдістері көтергіш платформаны пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетіледі.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді электр механик және оператор пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа немесе көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

Заңның 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерге техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдардың шарт негізінде көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізуіне жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді
қауіпсіз пайдалану
қағидаларына
1-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді
қауіпсіз пайдалану
қағидаларына
2-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

18. "Көлбеу рельсті-арқанды көтергіштерді (фуникулерлерді) орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 478 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24571 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көлбеу рельсті-арқанды көтергіштерді (фуникулерлерді) орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларында:

88-тармақтың 3) тармақшасындағы бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілі немесе фуникулер әлеуметтік инфрақұрылым объектісінде орнатылған болса өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның өкілі.";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91.Фуникулер пайдалануға берілгеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес бекітілген Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес фуникулерді есепке қоюды жүзеге асырады.".

19. "Эскалаторларды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 479 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24568 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Эскалаторларды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларында:

145-тармақтың 3) тармақшасындағы бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің немесе эскалатор әлеуметтік инфрақұрылым объектісінде орналасқан жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның өкілі.";

145-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"149. Эскалатор пайдалануға берілгеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес эскалаторды есепке қоюды жүзеге асырады."

20. "Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 481 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24564 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 124) тармақшасына сәйкес әзірленді және қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізуді (бұдан әрі – лифт) әдістерге және кезеңділікке ұйымдастыру тәртібін нақтылайды.";

19-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің немесе азаматтық қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның және пайдаланушы ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздікті өндірістік бақылау қызметінің ұйғарымдарымен танысады.";

көрсетілген Нұсқаулықтың 1-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулықтың 2-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулықтың 3-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулықтың 4-қосымшада:

оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша";

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Пайдаланылған нормативтік және әдістемелік құжаттаманың тізбесі

Зерттеп-қарау:

Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14-21) тармақшасына сәйкес әзірленген;

ҚР СТ ISO 17637-2019 "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Балқытып дәнекерлеу арқылы алынған дәнекерлеу жіктерін көзбен бақылау";

МЕМСТ ЕН 1714-2006 "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық әдіс";

12 МЕМСТ ЕН 1290-2006 "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Магнитті ұнтақты әдіс" сәйкес жүргізілді.";

көрсетілген Нұсқаулықтың 5-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулыққа 6-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулықтың 7-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
7-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулықтың 8-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулыққа 9-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулықтың 10-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
10-қосымша";

көрсетілген Нұсқаулықтың 11-қосымшада оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың техникалық
жай-күйіне зерттеп-қарауды
жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа
11-қосымша".

21. "Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24563 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар кранға арналған пайдалану құжаттамасының нұсқауларын, дайындаушы зауыттардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, азаматтық қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың және жобалау ұйымдарының ақпараттық хаттарын жоймайды."

22. "Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 486 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24561 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар крандарға арналған құжаттаманың ұсынымдары мен нұсқауларын, дайындаушы зауыттардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің және крандарға зерттеп-қарау жүргізетін ұйымдардың ақпараттық хаттарын жоймайды."

23. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша мемлекеттік инспекторларының аудио-, бейнежазба техникалық құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 22 тамыздағы № 444 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33331 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша мемлекеттік инспекторларының аудио-, бейнежазба техникалық құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің басшысы (бұдан әрі-аумақтық бөлімшенің басшысы) жазбаларды көшіруді, қабылдауды, түсіруді, сақтауды және осы Нұсқаулықтың 12-тармағында көрсетілгендей жазбалардың сақталу мерзімі аяқталғаннан оны жоюды, сондай-ақ жазылған жазбаларды қарауды және талдауды жүргізетін жауапты адамды тағайындайды. Бұл ретте деректерді сақтау серверіне тек жауапты тұлға және аумақтық бөлімшенің басшысы ғана білетін арнайы құпия сөз орнатылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Журнал өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің кеңсесінде тіркелінеді, парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі. Журналдың соңғы бетінде жауапты тұлға "Осы журналда нөмірленген, тігілген және мөрмен мөрленген барлығы ____ парақ" деген жазба жасайды. Журналдағы жазба шарикті қаламмен жүргізіледі. Жіберілген қателер дұрыс емес жазуларды сызу және жаңа жазбаны енгізу арқылы түзетіледі, ол туралы түзетуді жүргізген адамның қол қоюы арқылы ескертпе бағанына ескертпе жасалады. Корректормен түзетуге жол берілмейді.";

көрсетілген Нұсқаулыққа 1-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

24. "Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 13 қарашадағы № 607 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33639 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тізілімді жүргізуді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырады.";

Көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұсынылады: Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне.".

Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
1-қосымша
Жарылыс жұмыстарын және
өнеркәсіптік мақсаттағы
жарылғыш материалдармен
жұмыс жүргізетін қауіпті
өндірістік
объектілер үшін өнеркәсіптік
қауіпсіздікті қамтамасыз ету
қағидаларына
4-қосымша
Үлгі
Мұқаба

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы
Жарушының, жарушы-шебердің бірыңғай кітапшасы

1-бет

_ (Ұйымның атауы)

Фотосурет
орны
Ұйымның М.О. (болған жағдайда)

Жарушының, жарушы-шебердің бірыңғай кітапшасы

№ _____ Серия _____

Тегі

Аты

Әкесінің аты (болған жағдайда)

Құқығы бар:

(басшылық немесе өндіріс құқығы, жарылыс жұмыстарының түрі)

Берілді " ____ " _____ 20 ____ ж.

Біліктілік комиссиясы

2-бет
қала (кент)

20__ ж. " __ " __ №__ хаттама негізінде

Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	Біліктілік комиссиясының төрағасы
	_____ (лауазымы, жөні, тегі)
	_____ (қолы)
Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің М.О.	_____ (атауы)
Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	_____ (лауазымы, жөні, тегі)
	_____ (қолы)
	Жарушының, жарушы-шебердің өз қолы
Тәжірибеден өтті	20__ ж. " __ " __ бастап
	20__ ж. " __ " __ дейін
Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	_____ (жұмыстарын басқарушының лауазымы, жөні,тегі)
	_____ (қолы)
	Жарушының, жарушы-шебердің өз қолы
	_____ (қолы)

3-7 бет
Келесі жарылыс жұмыстарының түрлерін жүргізуге құқылы *

* Бірыңғай кітапшада осындай барлығы 5 парақ болады. Олар әрбір қосымша құқық берілу жағдайында толтырылады.

20__ ж. " __ " __ №__ хаттамасы негізінде
қала (кент) _____

	Біліктілік комиссиясының төрағасы
--	-----------------------------------

Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	_____ (лауазымы, жөні, тегі) _____ (қолы)
Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің М.О.	_____ (атауы)
Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	_____ (лауазымы, жөні, тегі) (қолы)
Жарушының, жарушы-шебердің өз қолы	_____
Тәжірибеден өтті	20__ ж. " __ " _____ бастап 20__ ж. " __ " _____ дейін
Ұйымның М.О. (болған жағдайда)	_____ (жұмыстарын басқарушының лауазымы, жөні, тегі) _____ (қолы)
Жарушының, жарушы-шебердің өз қолы	_____ (қолы)

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша
Жүк көтергіш механизмдерді
пайдалану кезінде өнеркәсіптік
қауіпсіздікті қамтамасыз ету
қағидаларына
6-қосымша

20__ жылғы " __ " _____

Лифтіні пайдалануға қабылдау актісі

Комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы (пайдаланушы ұйымның уәкілетті өкілі)

(лауазымы, ТАӘ, пайдаланушы ұйымның атауы)

Комиссия мүшелері:

монтаж ұйымның өкілі

(лауазымы Т.А.Ә)

(ұйымның атауы)

Бас мердігер құрылыс ұйымының өкілі

(лауазымы, Т.А.Ә)

(ұйымның атауы)

Лифтіге техникалық қызмет көрсету үшін тағайындалған маман

(лауазымы, Т.А.Ә)

(ұйымның атауы)

Тапсырыс беруші өкілі (бар болған кезде)

(лауазымы, Т.А.Ә)

(ұйымның атауы)

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

(мемлекеттік органның атауы, Т.А.Ә)

зауыттық (сериялық) №_____, келесі мекенжай бойынша орнатылған:

(қала, көше, үй, корпус, кіреберіс)

лифтіні пайдалануға қабылдау жөніндегі осы актіні жасады.

Комиссия ұсынылған құжаттарды тексерді:

1. Лифтіні толық техникалық қуаландыру жөніндегі акті;
2. Қауіпсіз пайдалану жөніндегі және лифтіні байқауды тексеру құжаттары.

Лифтіні қабылдау нәтижелері

1. Лифт оның қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін ақаусыз жағдайда;
2. Лифтіні қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру осы Қағидалардың

белгіленген талаптарына сәйкес келеді.

Лифтіні тапсырды:

Монтаждаған ұйымның уәкілетті өкілі

(қолы, Т.А.Ә)

Бас мердігерлік құрылыс ұйымының уәкілетті өкілі

(қолы, Т.А.Ә)

Лифтіні қабылдады: Пайдаланатын ұйымның уәкілетті өкілі

(қолы, Т.А.Ә)

Лифтіге техникалық қызмет көрсету үшін тағайындалған маман

(қолы, Т.А.Ә)

Лифтіні пайдалануға енгізуге рұқсат беру туралы жазба паспортта жазылған.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

(Мөр) (қолы, Т.А.Ә)

Осы актті лифт паспортымен бірге сақтау керек.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
3-қосымша
Қауіпті өндірістік
объектілерде аварияларды жою
және оқу дабылдарын және
аварияға қарсы жаттығуларды
өткізу жоспарын әзірлеу
жөніндегі нұсқаулыққа
1-ші қосымша
Нысан

Авария туралы хабардар етілетін лауазымды тұлғалар мен мекемелердің тізімі

№ р/с	Ұйым немесе лауазымды тұлға	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Телефон №		Мекенжайы	
			қызметтік	үйінің	қызметтік	үйінің
1.	Авариялық-құтқару қызметінің кезекшісі					
2.	Ұйым басшысы					
3.	Объект басшысы					
4.	Өрт сөндіру бөлімінің кезекшісі					

5.	Бас мамандар					
6.	Объектінің бөлімше бастықтары					
7.	Медициналық қызметтің басшысы					
8.	Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі					
9.	Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кезекшісі					
10.	Ішкі істер бөлімі					
11.	Прокуратура					

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
4-қосымша
Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді қауіпсіз
пайдалану қағидаларына
3-қосымша

Көтергішті пайдалануға беру мүмкіндігі туралы акт

Қала _____ "___" _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қоюшылар, комиссия мүшелері: көтергіш иесінің уәкілетті өкілі-комиссия төрағасы

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
пайдаланушы ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
іске қосу-жөндеу ұйымының уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

көтергішті монтаждауды (қайта жаңартуды) орындаған ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
құрылыс-монтаждау ұйымының уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

көтергішті дайындаушы ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау жөніндегі
мемлекеттік инспекторы

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

ұсынылған құжаттаманың қаралғандығы, көтергішті және оның құрамдас
бөліктерін дайындаушы ұйымның техникалық құжаттамасында және Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің
16-тармағының 102) тармақшасына сәйкес бекітілген Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар)
көзделген көлемде қарап-тексеру және тексеру жүргізілгені туралы осы актіні жасадық.

Көтергіш мына мекен-жай бойынша орнатылды:

Қарап-тексеру мен тексеруде мыналар анықталды: құрылыс, монтаждау
және жөндеу жұмыстары

(техникалық шартты белгілеу) техникалық жұмыс құжаттамасына, орнату сызбаларына
және

Қағидаларына сәйкес орындалған; көтергіш паспорт деректеріне және Қағидаларында
көрсетілген талаптарға сәйкес келеді; көтергіш оның мақсаты бойынша қауіпсіз
пайдалануға

мүмкіндік беретін жарамды күйде; пайдалануды ұйымдастыру Қағидалар талаптарына
сәйкес келеді.

Көтергішті иесі қабылдады.

Комиссия мүшелерінің қолдары.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар

енгізілетін өнеркәсіптік
қауіпсіздік
саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға арналған
көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық жай-күйіне зерттеп-
қарауды жүргізу жөніндегі
нұсқаулыққа
6-қосымша
Нысан

(Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйымның атауы)

Лифт пен қауіпсіздік құрылғыларының жұмыс істеуін тексерудің № __ актісі

_____ қала " ____ " _____ 20__ ж.

Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйым құрамында

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(көше, үй, корпус, кіреберіс)

мекенжайы бойынша, зауыттық № _____, тіркеу № _____ лифтінің
қауіпсіздік

ұрылғыларының жұмыс істеуіне тексеру жүргізілді.

Тексеру және сынау Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі
бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында

олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық
Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген
Қазақстан

Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 124)
тармақшасына сәйкес жүргізілді.

Бұл ретте анықталды: қағидаттық электрлік (гидравликалық) схемада көзделген
режимдегі лифт, мыналарды қоспағанда, дұрыс жұмыс істейді:

қабат алаңдарында кабинаның тоқтау дәлдігі, қабат алаңдарын қоспағанда,
белгіленген нормаға сәйкес келеді

_____;

қауіпсіздік құрылғылары: жылдамдықты шектегіш, ұстағыштар, гидравликалық буферлер, шахта есіктерінің құлыптары, кабиналар мен ажыратқыштар, дұрыс жұмыс істейді, қоспағанда:

_____;

Қауіпсіздік ажыратқыштары дұрыс жұмыс істейді, қоспағанда

_____;

Ұсынылады:

Мамандар:

(Қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(Қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
6-қосымша
Қызмет ету мерзімі өткен
лифтілерді, сондай-ақ
мүгедектігі бар адамдарға
арналған
көтергіштерді одан әрі
пайдалану мүмкіндігін айқындау
мақсатында олардың
техникалық жай-күйіне зерттеп-
қарауды жүргізу жөніндегі
нұсқаулыққа
9-қосымша
Нысан

(Тексеру жүргізетін ұйымның атауы)

**Нормативтік қызмет мерзімін өтеген лифтінің № XXXX-XX-XX
зерттеп- қарауды жүргізу актісі**

Зауыттық № _____, тіркеу № _____ лифт

Мекенжайы: _____
(Қала, көше, үй, корпус)

Тапсырыс беруші: _____

(ұйымның атауы)

Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйымның басшысы:

(Қолы, бар болған мөртабан) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))
" ____ " _____ 20 ____ ж.

Лифтіні зерттеп-қарауды жүргізу актісі қызметтің нормативтік мерзімін өтеген
зауыттық № _____, тіркеу № _____

1. Кіріспе бөлім

Тексеру жүргізу үшін негіздеме (өтінім, шарт және т. б.))			
Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйым туралы мәліметтер			
Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйымның атауы			
Мекенжайы			
Басшысы			
Телефон, факс			
Мамандар туралы мәліметтер	ТАӘ (бар болған жағдайда)	Біліктілік деңгейі	куәліктің № қолданылу мерзімі
Топ жетекшісі			
Мамандар (тексерушілер)			
Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу құқығына аттестат			
аттестат №			
Қолданылу мерзімі			

2. Зерттеп-қарауды жүргізу объектісі, мақсаты, қысқаша техникалық сипаттамасы

Лифт тірк. №, кім тіркеді	
Тағайындау (жолаушылар, жүк, аурухана)	
Машиналық үй-жаймен (машиналық үй-жайсыз))	
Дайындаушы зауыт	
зауыттық №	
Дайындалған жылы	
Лифтінің қысқаша техникалық сипаттамасы	
Номиналды жүк көтергіштігі, кг	
Номиналды жылдамдығы, м / с	
Тоқтау (қабаттар) саны	

Лифт жетегі (электрлік, гидравликалық)	
Есік жетегі (автоматты, қолмен)	

3. Тапсырыс беруші (пайдаланушы ұйым) туралы деректер

Атауы	Тапсырыс беруші	Пайдаланушы ұйым
Уәкілетті өкіл, лауазымы		
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)		
Телефон		

4. Зерттеп-қарауды жүргізу мақсаты

Зерттеп-қарауды жүргізу мақсаты лифтіні қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту мүмкіндігін анықтау үшін оның техникалық жай-күйін бағалау болып табылады.

5. Зерттеп-қарауды жүргізу процесінде қаралған құжаттар туралы мәліметтер:

- 1) лифт паспорты;
- 2) орнату сызбасы;
- 3) принципті электрлік (гидравликалық) схема;
- 4) техникалық қызмет көрсету журналы;
- 5) пайдалану жөніндегі нұсқаулық, техникалық сипаттама (бар болса).

6. Зерттеп-қарауды жүргізу нәтижелері

Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 124) тармақшасына сәйкес әзірленген қорытындысы бойынша, анықталған :

1) лифтіні пайдалану шарттары "Лифтіні пайдалану шарттарын зерттеп-қарауды жүргізу актісінде" көрсетілгендерді қоспағанда, паспорттық деректерге сәйкес келеді;

2) механикалық және электрлік жабдықтар жарамды күйде болады, ақау ведомосінде (қоса беріліп отыр) көрсетілген жабдықты қоспағанда;

3) лифт металл конструкциялары оларды одан әрі пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайда болады. Анықталған ақаулар лифт металл конструкцияларын тексеру актісінде көрсетілген;

4) лифт және қауіпсіздік құрылғылары "Лифт пен қауіпсіздік құрылғыларының жұмыс істеуін зерттеп-қарауды жүргізу актісінде" көрсетілген құрылғыларды қоспағанда, дұрыс жұмыс істейді;

5) қорғаныстық нөлдеу (жерге тұйықтау), электр тізбектері мен электр жабдығының оқшаулама кедергісі, қорғаныс нөлденуін (жерге тұйықтау) және лифтінің электр желілері мен электр жабдығының оқшаулама кедергісін сынау жөніндегі техникалық есепте көрсетілгендерді қоспағанда, белгіленген талаптарға сәйкес келеді;

6) лифтіні техникалық зерттеп-қарауды жүргізу процесінде анықталған жол берілмейтін ақаулар мен ақаулар лифтіні техникалық зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау актісінде көрсетілген. Егер жол берілмейтін ақаулар мен ақаулықтар анықталмаған жағдайда, "Лифтіні техникалық тексеру процесінде жол берілмейтін ақаулар мен ақаулықтар анықталған жоқ" деп көрсетіледі;

7) лифт жабдығын қауіпсіз пайдаланудың қалдық мерзімін есептеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Лифт жабдығының қалдық ресурсын есептеу нәтижелері

Лифтінің құрамдас бөліктерінің атауы	Қалдық ресурс, (мерзімі) жыл	Келесі тексерудің ұсынылған мерзімі, күнтізбелік жыл	Ескертпе
1. Жүкшығыр			
1) редуктор			
2) АЖШ			
2. Кабина			
1) кабинаның есігі			
2) металл конструкциялары			М е т а л л конструкцияларын зерттеп-қарауды жүргізу актісі бойынша
3. Қарсы салмақ			
1) аспа			
2) металл конструкциялары			М е т а л л конструкцияларын зерттеп-қарауды жүргізу актісі бойынша
4. Шахта			
1) дәнекерленген қосылыстар			М е т а л л конструкцияларын зерттеп-қарауды жүргізу актісі бойынша
5. Басқа жабдықтар			

7. Қорытынды бөлім

Қорытындылар:

1) техникалық зерттеп-қарауды жүргізу нәтижелері негізінде лифт ақаулар жойылған және осы қорытындының 6-бөлімінде көрсетілген актілер мен есептер бойынша орындалған жағдайда оны қауіпсіз пайдалануға жол беретін жағдайда екендігі анықталды;

2) есептеу негізінде лифт жабдығының 1-кестеде көрсетілген қалдық ресурсы бар екендігі анықталды.

Ұсынымдар:

1) лифт пайдалануға берілгенге дейін қауіпсіз пайдалануға жол бермейтін ақауларды жою; басқа да ақаулар – кезекті техникалық қызмет көрсету (жөндеу) кезінде);

2) 20 __ ж. _____ дейін жабдықтардың (жаңғыртылмаған лифтілер үшін) және металл конструкциялардың техникалық жай-күйіне келесі зерттеп-қарауды жүргізу

Топ жетекшісі:

(Қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қорытынды алдым,

Тапсырыс берушінің өкілі:

(Қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Осы қорытындыны лифт паспортымен бірге сақтау қажет.

Зерттеп-қарау актісіне

1-қосымша

№ _____ бастап

" __ " _____ 20 __ ж.

Зерттеп-қарауды жүргізу кезінде пайдаланылған нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттаманың тізбесі:

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;

2. МЕМСТ Р 53783-2010 Лифтілер. Пайдалану кезеңінде лифтілердің сәйкестігін бағалау қағидалары мен әдістері;

3. СТ РК 1871-2009 Лифтілер. Пайдаланудағы лифтілердің қауіпсіздігін бағалау және арттыру әдістемесі;

4. Қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 124) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Зерттеп-қарау актісіне

2-қосымша

№ _____ бастап

" " _____ 20__ ж.

Лифтіні зерттеп-қарауды жүргізу бойынша жұмыс құжаттамасының тізбесі*

1. Лифтіні пайдалану шарттарын тексеру актісі;

2. Лифтінің механикалық және электрлік жабдықтарын зерттеп-қарауды жүргізу актісі;

3. Лифтінің металл конструкцияларын тексеру актісі;

4. Лифтінің техникалық параметрлері мен сипаттамаларын тексеру актісі;

5. Техникалық есеппен, № 1, 2, 3, 4 хаттамалармен және ақаулар ведомосімен қорғаныс нөлдендіруін (жерге тұйықтау), электр тізбектері мен лифт электр жабдығының оқшаулау кедергісін сынау жөніндегі техникалық есеп;

6. Лифтіні техникалық диагностикалау бойынша жұмыстарды аяқтау актісі.

* Жұмыс құжаттамасы қызмет етудің нормативтік мерзімі өткен лифтіні зерттеп-қарауды жүргізу актісімен бірге зерттеп-қарауды жүргізген ұйымда сақталады.

Зерттеп-қарау актісіне

3-қосымша

№ _____ бастап

" " _____ 20__ ж.

Лифтіні зерттеп-қарауды жүргізу кезінде қолданылған өлшеу құралдары мен жабдықтардың тізбесі

№ р/с	Өлшеу құралдары мен жабдықтардың атауы, түрі	Зауыттық №	Келесі тексеру мерзімі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 2 қазандағы № 434
Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін өнеркәсіптік
қауіпсіздік саласындағы
кейбір бұйрықтардың тізбесіне

7-қосымша

Өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы мемлекеттік
бақылау және қадағалау
бойынша мемлекеттік
инспекторларының
аудио-, бейнежазба
техникалық құрылғыларын
пайдалану жөніндегі
нұсқаулығына
1-қосымша

Үлгі

Мұқабаның алдыңғы жағы

Бейнетіркеуішті беруді және тапсыруды есепке алу журналы

(өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің атауы)

20 __ жылғы " __ " _____ басталды

20 __ жылғы " __ " _____ аяқталды

Мұқабаның ішкі жағы

№ р/с	Бейнетіркеуіштің түгендеу нөмірі	Бейнетіркеуішті пайдаланушының Т.А.Ө.	Күні және уақыты, алғаны туралы қол қою	Күні және уақыты, тапсырғаны туралы қол қою	Ақпаратты сақтау күні және уақыты	Ескертпе
1.	2	3	4	5	6	7